

## **Абай облыстық кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыстың жай-күйі туралы АНЫҚТАМА**

Ақпараттық жұмыс – кәсіподақ жұмысының негізгі бағыттарының бірі және жарғылық міндеттерді шешудің ажырамас құралы. Абай облыстық кәсіподақ ұйымы ақпараттық қызметті жетілдіру бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде.

Облыстық ұйым 25 116 адамды құрайтын 404 бастауыш кәсіподақ ұйымын, 9 филиалды біріктіреді.

Облыстық ұйым аппаратында ақпараттық жұмыс мәселелерімен ұйымдастыру жұмыстары жөніндегі бас маман Воказе Ұлжан Ернарқызы айналысады. Ақпараттық жұмыспен тікелей айналысатын штаттық баспасөз хатшысы жоқ.

2021 жылы облыстық ұйымның Атқару Комитеті «Кәсіподақ органдары және ұйымдарындағы ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар мен жұмыстың жай-күйі туралы» деген сұрақты қарастырды. Отырыста жұмыстың осы бағытында тиімділікті арттыру бойынша нақты жоспарлар мен міндеттер қабылдануға тиіс болған. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, қабылданған шаралар жеткіліксіз, олар одан әрі дамытуды қажет етеді.

Осы тәрізді сұрақ 2024 жылы облыстық ұйымның Атқару Комитетінің отырысында қарастырылды («Облыстық кәсіподақ ұйымының филиалдарында жүргізіліп жатқан ақпараттық жұмыс туралы»).

Кәсіподақ құрылымының тиімді ақпараттық қызметі үшін жағдай жасау, кәсіподақ мүшелерін жедел және сенімді ақпаратпен, оның ішінде барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары қызметінің нәтижелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету маңызды міндет болып қала береді.

Ақпараттық жұмыста Абай облыстық кәсіподақ ұйымы Салалық кәсіподақтың сайты пайдаланады: 2021 жылы сайтта – 20, 2022 жылы – 36, 2023 жылы – 46, 2024 жылдың I жартыжылдығында – 28 материал жарияланды.

Цифрлық технологиялар, мобильді құрылғылар және әлеуметтік желілер күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Облыстық кәсіподақ ұйымы ақпараттық жұмыста әлеуметтік желілерді де пайдаланады. 2023 жылдың мамырынан бастап жұмыс жасайтын Facebook әлеуметтік желісінде ресми парақшасы бар.  
<https://web.facebook.com/profile.php?id=100093464882288>.

Парақшада облыстық кәсіподақ жұмысының барлық бағыттары бойынша негізгі оқиғалар, кәсіподақтың түрлі конкурстарға, байқауларға қатысуы, облыстық кәсіподақтың алқалы органдарының жұмысы, сондай-ақ облыстық кәсіподақ комитетінде, оның филиалдарында және басқа ұйымдарында өткізілген іс-шаралар туралы жарияланымдар орын алады.

Facebook парақшасының жазылушылары бар-жоғы 261 адамды құрайды. Облыстық кәсіподақ мүшелерінің саны 25 000-нан асатынын ескерсек, бұл аудиторияның облыстық кәсіподақ пен оның филиалдарының жұмысына деген қызығушылығының төмендігін көрсетеді.

2023 жылы облыстық комитеттің Facebook парақшасында барлығы 48 материал орналастырылды. Оның ішінде: облыстық кәсіподақ комитеті – 25; қалалық кәсіподақ комитеті – 9; аудандық кәсіподақ комитеттері: Ақсуат – 1; Аягөз – 1; Бесқарағай – 2; Бородулиха – 3; Жарма – 2; Көкпекті – 3; Үржар – 2.

01.09.24 жылғы жағдай бойынша 33 материал жарияланды, оның ішінде: облыстық кәсіподақ комитеті – 17; қалалық кәсіподақ комитеті – 10; Ақсуат аудандық комитеті – 2; Жарма аудандық комитеті – 1; тікелей кәсіподақ қызметіндегі БҚҰ – 3.

Еркін қол жетімді цифрлық ресурстардың көптігіне қарамастан, облыстық ұйым тек Facebook алаңын ғана пайдаланады.

Төменде облыстық ұйым филиалдарының ақпараттық ресурстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері келтірілген:

Облыстық ұйымның 9 филиалының ішінде әлеуметтік желілердегі парақшалар тек келесі ұйымдарда ғана бар:

• **Абай аудандық кәсіподақ комитеті** - [https://www.instagram.com/abai.audany\\_bilim\\_kasipodagy?igsh=MWZwdW90OGUxemJ4ag=](https://www.instagram.com/abai.audany_bilim_kasipodagy?igsh=MWZwdW90OGUxemJ4ag=)

• **Ақсуат аудандық кәсіподақ комитеті** - <https://www.facebook.com/aksuat.audandyk.kasipodak.komiteti?mibextid=ZbWKwL>

• **Бесқарағай аудандық кәсіподақ комитеті** - <https://www.facebook.com/profbesk?mibextid=LQQJ4d>

• <https://www.instagram.com/p/DA77oxrI2YT/?igsh=MWNtYTVyem55dXYzeg=>

• **Бородулиха аудандық кәсіподақ комитеті** - <https://www.instagram.com/kuliadaumbaeva/profilecard/?igsh=MjN1ZWhyazE1NzE3>

• **Үржар аудандық кәсіподақ комитеті** - [https://www.facebook.com/photo/?fbid=122101013042119281&set=a.122101010780119281&\\_tn\\_=%3C](https://www.facebook.com/photo/?fbid=122101013042119281&set=a.122101010780119281&_tn_=%3C)

Облыстық ұйымдардың жұмыс бағыттарының бірі ақпараттық-әдістемелік материалдарды әзірлеу және шығару болып табылады: кәсіподақ ұйымдарына көмек ретінде брошюралар, оқу құралдары мен ұсынымдар. 2022-2024 ж.ж. кезеңінде облыстық кәсіподақ аппараты кәсіподақ қызметінің өзекті мәселелері бойынша 5 оқу құралдарын әзірлеп, пайдалану үшін шығарды. Олардың ішінде: «Кәсіподақтың жыл сайынғы есеп беру жиналыстарын өткізу тәртібі», «Кәсіподақ ұйымдарындағы статистикалық есептілік», «Аудандық және қалалық кәсіподақ комитеттерінде есеп беру-сайлау конференцияларын дайындау және өткізу»; «Бастауыш кәсіподақ ұйымдарында есеп беру-сайлау кәсіподақ жиналыстарын дайындау және өткізу», «Кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары» және тағы басқалары.

Facebook парақшасында орналастырылған ақпараттық материалдардың сапасы төмен. Көп жағдайда олар жалпы, декларативті сипатта. Талдау

нәтижесі парақшадағы аудиторияның белсенділігінің төмен деңгейін көрсетеді. Парақшалардың басым бөлігі талапқа сәйкес безендірілген, толтырылған мәліметтер, басылымдар жалпы немесе жақын стильде жарияланған. Аудитория белсенділігінің төмен деңгейін ресімдеуден емес, парақшадағы материалдардың мазмұнынан іздеген жөн: бүкіл жарияланған материалдардың ішінде құқықтық бағыт бойынша ақпараттың тым аз камтылуы (*келісу комиссиясы бойынша 1 семинар, аттестаттау тақырыбында жұмыс берушілердің өкілдерімен 1 семинар*), басым бөлігі ұйымдастырушылық іс-шаралар және басқа баспа көздерінен репост (әрі қарай тарату) жасау, соның ішінде Салалық кәсіподақтың ақпараттары.

Салалық кәсіподақтың баспасөз қызметі 2023 жылы аудандық ұйым төрағаларымен өткен семинар-кеңесте әлеуметтік желілердегі парақшаларды жүргізуге қатысты ұсыныстар бергендігін атап өткен жөн.

Мұндай олқылықтар ақпаратты әзірлеу, орналастыру және тарату бойынша негізгі білімі бар маманға арналған штат бірлігінің болмауынан туындайды деп айтуға негіз бар.

Тіпті облыстық ұйымда ақпараттық жұмыс бойынша жеке жауапты маман анықталмаған, бұл функцияны ұйымдастырушылық жұмыс жөніндегі маман орындайды.

Облыстық ұйымның қызметі БАҚ-та аз жарияланады.

Мәселен, 2021 жылы – 4 материал («Қазақстан кәсіподағы» газетінде 1 басылым, «Семей таңы» облыстық газетінде – 1, «Білімді Ел» газетінде – 1, «Уақыт тынысы» аудандық газетінде – 1).

2022 жылы – 6 материал: «Қазақстан кәсіподағы» газетінде – 5, «Білімді Ел» газетінде – 1, «Уақыт тынысы» аудандық газетінде – 1.

2023 жылы – 8 материал: «Қазақстан кәсіподағы» газетінде – 2, «Семей таңы», «Семей вести» облыстық газеттерінде – 2, «Жаңа уақыт», «Бесқарағай тынысы», «Уақыт тынысы» облыстық газеттерінде – 4.

2024 жылы – 6 материал: «Семей таңы» – 1, «Жаңа уақыт» – 2, «Бесқарағай тынысы» – 3.

Облыстық кәсіподақ комитетінің бастауыш кәсіподақ ұйымдары жыл сайын республикалық «Қазақстан кәсіподағы» газетіне жазылады.

Облыстық ұйым қызметінің өзекті мәселелері бойынша 2024 жылы төраға С. Ибраев (Аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің бұрынғы төрағасымен бірге), аудандық және қалалық ұйымдардың басқа да басшыларымен бірге жергілікті БАҚ-тың эфирлеріне қатысты.

Қазіргі уақытта Кәсіподақ қызметін танымал ету үшін әлеуметтік желілердің үлесі орасан зор. Салалық кәсіподақтың баспасөз қызметі кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша ақпарат тарату үшін әлеуметтік желілерді тиімді және кеңінен пайдалануды ұсынады.

«Bilim kasipodagy» мобильдік қосымшасы кәсіподақ мүшелеріне гаджеттер арқылы Орталық Комитет сайтының мобильді нұсқасына кіруге, сұрақтар қоюға, «Нормативтік құқықтық актілер» бөліміне кіруге және Кәсіподақ жаңалықтар легімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл қосымша 2021

жылдың бастап қолданысқа енгізілді, бірақ Абай облысында оны пайдалану процесі төмен деңгейде қалып отыр.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты облыстық ұйым кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын одан әрі қорғау мақсатында келесі іс-әрекеттерге көңіл бөлуі тиіс:

- Ақпараттық материалдардың мазмұнын күшейтуге назар аудару;
- әлеуметтік желілердегі парақшаларың жазылушылар санын арттыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізу;
- әлеуметтік желілерде басқа да парақшаларды ашу: Instagram, Telegram.
- құқықтық тақырыптар бойынша семинарлар өткізуге көңіл бөлу.

**Кәсіподақтың Орталық Комитеті  
аппаратының баспасөз қызметі**